



БЕКІТЕМІН:

Бірінші вице-президент

Байкенов Ж.Е., PhD

« 03 » 102 2026 жыл

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2026 жылғы 20 ақпанда «Заң және тәртіп» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстан-Американдық еркін университеті Өскемен қаласы мен Шығыс Қазақстан облысының жалпы білім беретін мектептерінің 10–11 сынып оқушылары арасында ағылшын тілінде “**Law is the Foundation of Order**” атты бейнеподкасттар конкурсын өткізеді.

Конкурс мектеп оқушыларының құқық және қоғамдық ғылымдарға деген қызығушылығын арттыруға, көпшілік алдында сөйлеу, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға, ағылшын тілін академиялық және қоғамдық қарым-қатынас тілі ретінде насихаттауға, сондай-ақ құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Конкурстың өтетін күні мен орны

Конкурс 2026 жылғы 20 ақпанда Өскемен қаласы, Горький көшесі, 76 мекенжайында (КАЕУ оқу ғимараты) өтеді.

Конкурстың өткізу кестесі:

14.02.2026	17:00	Білім беру ұйымдарынан өтінім қабылдаудың аяқталуы
20.02.2026	9:00 – 9:45	Қатысушыларды тіркеу
	10:00 – 10:30	Конкурстың ресми ашылуы
	10:30 – 12:30	Қатысушылардың бейнеподкасттарды таныстыруы
	12:30 – 13:00	Қорытынды шығару
	13:00 – 13:30	Нәтижелерді жариялау, конкурсты жабу, жеңімпаздарды марапаттау
02.03.2026		Жүлделі орын алмаған қатысушылар мен жеңімпаздарды дайындаған мұғалімдерге электронды сертификаттарды жіберу

Конкурсқа қатысушылар

Конкурсқа жалпы білім беретін мектептердің 10–11 сынып оқушылары шақырылады.

Подкаст:

- бір қатысушы тарапынан;
- немесе 3 адамға дейінгі командамен дайындалуы мүмкін.

Бір мектептен екіден артық емес бейнеподкаст қабылданады. Бір қатысушы тек бір ғана конкурс жұмысына қатыса алады.

Конкурс жұмысының форматы мен талаптары

Конкурс жұмысы ағылшын тілінде орындалған, ұзақтығы 3 минуттан аспайтын бейнеподкаст болуы және конкурс тақырыбына сәйкес келуі тиіс.

Подкаст авторлық, түпнұсқа өнім болуы және конкурс санаттарының біріне жатуы қажет.

Команда немесе жеке қатысушы YouTube бейнехостингінде орналастырылған бейнеподкастқа белсенді сілтеме ұсынуға міндетті.

Конкурс санаттары

1. Law Storytelling

Подкаст заңның, құқықтар мен міндеттердің немесе құқықтық тандаудың белгілі бір жағдайдағы рөлін ашатын тұтас құқықтық оқиға (нақты немесе ойдан шығарылған) түрінде болуы тиіс. Бірінші жақтан баяндауға немесе қорытындысы бар әңгіме формасына рұқсат етіледі.

2. Law and Everyday Life

Подкаст мектеп, отбасы, жұмыс, сатып алу, көлік, тұтынушылар құқықтары және т.б. сияқты күнделікті құқықтық жағдайларды талдауға және заңның адамның өміріне қалай әсер ететінін түсіндіруге арналуы тиіс.

3. Law Across Cultures

Подкаст әртүрлі елдер мен мәдениеттердегі құқықтық нормаларды, дәстүрлерді немесе тәжірибелерді салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын және қоғамдық тәртіпке әсерін көрсетуі қажет.

4. Weird, Absurd and Unusual Laws

Подкаст тарихи, мәдени немесе әлеуметтік контекстін түсіндіре отырып, ерекше, ескірген немесе абсурд болып көрінетін заңдарды талдауға бағытталуы тиіс.

5. Law and Youth / Law in the Digital World

Подкаст жастар мен цифрлық ортаға қатысты құқықтық мәселелерге арналуы керек: әлеуметтік желілер, киберқауіпсіздік, цифрлық құқықтар, интернеттегі жауапкершілік, жасанды интеллект және т.б.

Әр санат бойынша бір жеңімпаз анықталады.

Конкурсты өткізу тәртібі

Егер конкурсқа 20-дан астам бейнеподкаст өтінімі келіп түссе, алдын ала іріктеу туры өткізіледі.

Іріктеу турының қорытындысы бойынша конкурстың университет қабырғасында өтетін кезеңіне өткен қатысушылар тізімі анықталады. Іріктеу турының нәтижелері 18 ақпанда Шет тілдері кафедрасының ресми Instagram парақшасында — @kafu.fl жарияланады.

Конкурс университет қабырғасында өткізіледі және келесі кезеңдерден тұрады:

- 2–3 минут — жұмысты ауызша таныстыру (тақырыпты таңдау, мақсаты, негізгі ойы);
- 3 минутқа дейін — бейнеподкастты көрсету.

Шығу уақыты белгіленген регламенттен аспауы тиіс.

Конкурс жұмыстарын бағалау

Бағалау 7 критерий бойынша жүргізіледі (тақырыпқа сәйкестік, құрылым мен идея, талдау тереңдігі, креативтілік, ағылшын тілінің деңгейі, бейне және аудио сапасы, көпшілік алдында қорғау).

Әр критерий 0-ден 10 баллға дейін бағаланады. Ең жоғары жалпы балл — 70.

Қазылар алқасы және қорытындылау

Конкурс жұмыстарын Қазақстан-Американдық еркін университетінің Шет тілдері кафедрасының жетекші оқытушылары бағалайды.

Марапаттау

Әр санат бойынша жеңімпаздар университет атынан сертификаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға қатысу сертификаттары беріледі. Ең үздік жұмыстар университеттің ресми сайтында және Instagram парақшасында жарияланады.

Қорытынды ережелер

Конкурсқа қатысу қатысушылардың жұмыстарын авторлығы көрсетіле отырып, көпшілік алдында көрсетуге және жариялауға келісім бергенін білдіреді. Ұйымдастырушылар конкурстың негізгі тұжырымдамасына әсер етпейтін өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Жүлделі орын алмаған қатысушылар мен жеңімпаздарды дайындаған мұғалімдерге электронды сертификаттар конкурс аяқталғаннан кейін 7 күн ішінде жіберіледі. Жеңімпаздарға сертификаттар конкурстың жабылу салтанатында табысталады.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер Word форматындағы (сканерленбеген!) тіркелген

файлда **kafufl@mail.ru** электрондық поштасына жіберіледі. Хат тақырыбында: «Олимпиадаға қатысуға өтінім, № ____ мектеп» деп көрсету қажет.

Егер өтінімнің қабылданғаны туралы растау хатын алмасаңыз, төмендегі телефондар арқылы тексеру қажет:

+7 (7232) 50-28-33 (Шет тілдері кафедрасы)

+7 (747) 986-7096 (Ахметчанова Эльвира, Шет тілдері кафедрасының лаборанты)

*Конкурсқа өтінім беру конкурс шарттарымен келісу болып есептеледі.
Конкурс нәтижелеріне апелляция қарастырылмайды.*

Қатысуға өтініш формасы

Конкурсқа қатысуға өтінім Word форматындағы файл түрінде (сканерленбеген!!!) 2026 жылдың 14 ақпан сағат 17:00-ге дейін жіберіледі.

Мектеп _____

(толық аты)

Қала,

аудан _____

Байланыс

ақпараты _____

(телефон, жауапты/ілеспе мұғалімнің электрондық

поштасы)

Мұғалім _____

(қатысушыларды

дайындаушы)

(Сертификат үшін ағылшын тіліндегі толық аты-жөні)

* жүлде алған қатысушыны дайындаған оқытушыға сертификаттар беріледі

** егер команда құрамында әртүрлі мұғалімдер дайындаған студенттер болса, барлық аты-жөні көрсетілуі керек.

*** барлық қосымша ақпарат өтінімде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберіледі

Қатысушы туралы ақпарат

№	Қатысушының аты-жөні (ағылшын тілінде)	Электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірі (дұрыс екенін тексеріңіз!)	Сынып	YouTube бейне сілтемесі
1				
2				
3				